ДӘРІС 8. Алтын Орда тарихындағы ислам. (1 сағат)

Мақсаты:
Алтын Орда мемлекетінде ислам дінінің таралу процесін, оның мемлекеттік идеологияға айналу жолдарын және қоғамның саяси, мәдени өміріне тигізген әсерін анықтау.

Міндеттері:
Алтын Орда аумағында ислам дінінің таралу кезеңдерін сипаттау;
Исламды мемлекеттік дін ретінде енгізген билеушілердің саясатын түсіндіру;
Исламның қоғамдық өмір мен мәдениетке ықпалын талдау;
Ислам өркениетінің Алтын Орда мәдениетінде атқарған рөлін бағалау.

Евразия аймағындағы ұлыстық жүйенің этно-мәдени өркендеуге ықпалы



1. Ислам дінінің Алтын Орда жеріне енуі

Ислам діні Еділ бойы мен Дешті Қыпшақ аймағына X ғасырдан бастап келе бастаған. Бұл үдеріс әсіресе Еділ Бұлғариясы мен Хорезм арқылы жүзеге асты.
Алтын Орда құрылған кезде халықтың бір бөлігі исламмен таныс болатын, алайда XIII ғасырдың басында моңғол билігі тұсында буддизм, шаманизм және несториандық христиандық элементтері қатар өмір сүрді.

Батый хан исламға бейтарап саясат ұстанғанымен, мұсылман саудагерлер мен ғалымдарға қолдау көрсеткен. Бұл ислам мәдениетінің таралуына алғышарт жасады.

2. Берке хан және исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуының басталуы

Алтын Орда билеушілерінің ішінде исламды алғашқы болып қабылдаған — **Берке хан (1257–1266)**. Ол 1260 жылдары ислам дінін қабылдап, мемлекет ішінде мешіттер мен медреселер салдырды.

Берке ханның исламды қабылдауы тек діни акт емес, саяси шешім де болды. Бұл арқылы ол Алтын Орданы мұсылман әлемінің бөлігі ретінде танытты және Египет мәмлүктерімен одақ орнатты.

Берке хан мен Хулагу арасындағы соғыстың діни астары да болды — ислам әлемін қорғау ұраны көтерілді.

3. Исламның мемлекеттік идеологияға айналуы (Өзбек хан дәуірі)

Алтын Ордада исламның ресми мемлекеттік дін ретінде орнығуы **Өзбек хан (1312–1342)** билігі кезінде жүзеге асты.
Өзбек хан исламды мемлекеттік идеологияға айналдырып, ислам құқығы (шариғат) негізінде басқару жүйесін енгізді.

- Елде қазы, имам, муфти сияқты діни лауазымдар қалыптасты;
- Ислам заңдары салық, сауда және қоғамдық қатынастарды реттеудің негізіне айналды;
- Сарай қаласында мешіттер мен медреселер салынды, діни ғұламалар шақырылды.

Өзбек хан тұсында Алтын Орда мұсылман мемлекеті ретінде бүкіл ислам әлемімен тығыз байланыс орнатты.

4. Исламның қоғам мен мәдениетке әсері

Ислам Алтын Орда қоғамында рухани тұтастық пен мәдени жаңғырудың негізі болды.

- **Құқықтық жүйе:** шариғат заңдары әлеуметтік қатынастарды реттеді;
- **Білім және ғылым:** медреселер мен діни мектептер ашылып, араб-парсы білім жүйесі енді;
- **Әдебиет:** Құран тілі — араб тілімен қатар түркі тілі де ислам мәдениетінің тіліне айналды. Сондай-ақ ислам сәулет өнері дамып, Сарай-Бату, Сарай әл-Жәдид, Сарайшық қалаларында мешіттер мен кесенелер салынды.

Өзбек тұсында моңғолдар өздерінің Берке қайтыс болған соң біршама әлсіреген дәстүрлі сыртқы саясаттарын қайта қалпына келтірді. Феодалдық шиеленіс кезінде хандардың Орыс ұлысымен шаруасы да болмады. Хандардың оларға жасаған жеңілдіктері (түмендік, мыңдық, жүздіктерді алу, алым-салықты жинауды орыс княздарына беруі, орыс діншілдерінеп жеңілдіктер беру, т.б) Орыс ұлысының жағдайын біршама жеңілдетті. Тверь князі Михаил Ярославович (1305-1318жж.) орыс княздарынан алғаш болып моңғолдар игосын тастауды шешті. Ол кезде Рус жерінде саяси орталықтардың бірі болған Тверь княздығын әлсірету үшін Өзбек хан үкіметі Мәскеу княздығын тверь княздығына қарсы қоя отыра қолдады. Хан билігіне қарсылығы үшін Михаил Тверскийді өлтіріп, Тверге Мәңгі Темірдің немересі, Туда Меңгідің ұлы ханзада Шевкал басшылығында отряд жіберілді. Бұл отряд 1327 жылы көтерілген халық тарапынан жойылуы Өзбектің Тверде бүлік шығаруына сылтау болды. Твердік княздыққа қарсы қойып қолдап отырған мәскеу княздығына байланысты Өзбек үкіметі алдына сақтандыру шараларын қолдана бастады. 1328 жылы Иван Данилович Ұлы Владимир княздығына жарлық алса да, оған княздықтың жартысы Новгород және Костромамен бірге берілді, ал Владимир княздығының қалған жартысы Суздаль князі Александр Васильевичке берілді. Владимир княздығын екіге бөлу арқылы моңғолар Нижегород-Суздаль княздығын Мәскеу княздығына қарсы қоймақ болды, олардың ешқайсысы күшеймес үшін олардың арасында келіспеушіліктер жасап орыс княздарын бір-біріне қарсы бағыттандырған дәстүрлі саясаттарын орнатты.

Алтын орданың күшеюі

Меңгу-Темір (1266-1280ж) Византияға қарсы 1271 жылы жорық жасайды.

Тохты хан (1290-1312ж)-Иран, Кавказ елдерімен сауда байланысын жандандырып, Египет елімен тығыз байланыста болады.

Өзбек хан (1312-1342 ж) қалалық өмірдің дамуына көңіл бөлген. Сарай-Беркеде жаңа ғимараттар салдырған. Мұсылман дінінің таралуына себебін тигізген. Мұсылман діні мемлекеттік дін болып жарияланған.



Солтүстік-шығыста күштерін теңестірген соң Өзбек үкіметі солтүстік батыста күшті фактор болып келе жатқан Литваға қарсы да бірнеше іс-шаралар қолданды. Моңғолар бұл мемлекеттің қалыптасуына қарсылық жасай алмады, бірақ оларға жүйелі түрде жорықтар жасай отырып әлсіздендіру мүмкін еді. XIY ғасырдың 20-жылдарындағы сондай жорықтар нәтижесінде литвалықтардың бастысқа жылжуы тоқтатылды.

Дәл сол саясатты моңғолдар Польшаға байланыстыда қолданды. XIY ғасырдың 20-жылдары Польшаға татар жорықтарының күшеюі батыста үлкен шиеленіс тудырды. Сондықтанда татар жорықтарынан уайымдаған рим папасы 1329 жылы арнайы жолдау жолдады, ол барлық батысеуропалық билеушілерді татарларға қарсы крест жорықтарын ұйымдастыруға шақырды, жорыққа қатысушылардың барлығының күнәсі кешірілуін уәде етті. Алайда бұл крест жорықтары жүзеге аспады. Татарлар папаның үндеуіне қарсы 1337 жылы Люблин жерін қырды. Келесі жылы «өзбектің сансыз көп татарлары Польша және Венгрия жерлеріне еніп, оларды өте күшті деңгейді тонады».

Егер бұған Кавказда хулагидтермен бірге соғыстың сәтті жалғасуын және Орта Азияға Шағатай ұлысының иеліктерін жаулауға тақ мұрагері басшылығында көп санды әскер жіберіліун қоссақ. Алтын Орданың сыртқы саясатының күшейгені анық көрінеді. Өзбек ханның көршілермен жеңісті соғыстары және мемлекет ішіндегі сәтті саясаты Алтын Ордаға бұрынғы күшін қайтарып, оны Еуропа және Азияның күшті мемлекеттерінің біріне айналдырды.

Алтын Орданың нығаюы ұлыс-ордалардың басшылығында тұрған ханзадалардың Өзбек тұсында хан және хан әкімшілігінің жақсы қаруына айналуында да көрініс тапты. Деректерде құрылтай шақырылулары туралы айтылмайды, енді олардың орнына хан кеңесі өткізіліп, оған хан туыстары және әскербасылар қатысты. Бұл мәселеге қатысты 1316 жылғы Өзбек әпкесінің египет сұлтанына тұрмыс құруына байланысты кеңесті атауға болады. Бұл кеңеске неке шартын жасаушы хан туыстары мен 70 әмірлер және түменбасылар қатысты. Бірақ бұл жиналыс көбіне отбасылық кеңес түрінде еді. Басқа жағдайларда, мемлекеттік басқару мәселелеріне қатысты болғанда хан өзі тағайындаған ұлыс әмірлерінен тұрған «диван» кеңесі өтті. Бұдан бұрынғы хандар кезіне байланысты диван туралы айтылмағандығы Өзбек тұсында мемлекеттің орталықтандырылғанын көрсетеді. Араб жазушы әл-Омари (1343ж қайтыс болған) Өзбек және Жәнібек тұсындағы хан кеңесіне толық сипаттамалар қалдырды. Әл-Омари былай жазды: «бұл сұлтанның билеушілері—төрт ұлыстық әмірлер, олардан ең жоғарғысы беклербек атанды, яғни аға әмір.. Әр қандай маңызды істі осы төрт сұлтан шешеді, егер олардың бірі болмаса да оның аты жарлыққа жазылады...».

«Істер уәзір арқылы шешіледі. Ал уәзір істерді оларсыз шешеді, наместниктерге бұйрықтар береді және жарлықтарға олардың атын жазады. Уәзір—нағыз сұлтан, қарсы бөлімін жеке басқарады, бөледі, тіпті ең маңызды істерде де беклербек сияқты әскери істерді де басқарады». Кеңеске кірген осы төрт әмірдің ішінен екі мүшесінің - беклербек және уәзір қызметтері барынша анықталған. Беклербек (әмірлердің әмірі) әскери істерді басқарды, түмендіктер, мыңдықтар, жүздік және ондықтарды басқарды, екніші уәзір мемлекеттің азаматтық істерімен айналысты. Алтын Орда ең алдымен әскери-феодалдық мемлекет болғандықтан әскери құрылым басшысы беклербекке азаматтыққа қарағанда құрмет берілді. Сондықтан әл Омари беклербекті кеңестегі төртеуінің ішінде үлкені деп жазады.

Өзбек хан тұсында мемлекеттік басқаруды орталықтандыруға байланысты жерлерде басқару органдарын реттеуде жүзеге асырылды. Басында Алтын Орда қалыптасқан кезде билікті бөлшектеу болып, мемлекет Батый ағайындылары арасында бөлініп, олардың әрқайсысы өз ұлысын жартылай жеке билеуші ретінде басқарды. Енді мемлекет орталықтандырылғанда бұрыңғы аумақтар аумақтық басшы-әмір басшалығындағы аумақтарға айналдырылды.

Аумақ басшылары өз иеліктерінде кең билікке ие болды. Сондықтан египеттік сұлтандар ханға байланыс жасау барысында әдетте өз грамоталарын орталық билік өкілдеріне және аумақ басшыларына да жіберіп отырды. Аумақ басшылары лауазымына феодалдық аристократияның беделді өкілдері тағайындалды, көбінде аумақтық билеушілік лауазымына мұрағерлік бойынша сол әулет өкілдері қойылды.

Мемлекеттің орталықтануы біршама жетіліп, орталық та және жергілікті жерлерде бюрократиялық басқару аппараты құрылды. Елді басқару диван-кеңес қолында болды. Жергілікті басқару орталық әкімшілікпен тығыз байланысқан және орталық аппарат — төрт әмірден тұратын хан кеңесі диванға бағынған жергілікті билеушілер қолына шоғырланды. Өзбек хан билік еткен тұста Алтын Орданың экономикалық өрлеуі де байқалады. Дәл осы кезеңде қалалар саны қатты өсті, ал XIY ғасырдың 30 жылдары хан жаңа астана— Сарай-әл-Жадидті салуға кірісті. Сауда кереуен жолдары қауіпсіз ғана болып қалмай, ыңғайлы да болды. Хорезмдік, орыс, кавказдық, генэуздік, венециандық, египеттік, неміс және басқа көпестері Сарай базарларында тұрақты және үйреншікті адамдарға айналды. Алтын Орда гүлденуінің нағыз көзі алым-салықтар, соғыстан түскен әскери пайда және сауда кірістері болды. Мемлекеттің Шығыс пен Батыс арасындағы транзитті жағдайы және исламмен бірге бай дәстүрлердің келуі көшпелілерді өз ішінде өзгеріс жасауға талаптандырды. Дәл осы кезеңде хан билігі күшейді, беделі артты. Сыртқы саясатта Өзбек хан хулагидтерге қарсы соғысқа көп көңіл бөлді, Әзербайжанды біріктіруге тырысты. Өзбек билігі тұсында Алтын Ордаға орыс княздықтарының бағыныштылығы да күшейді. Орыс княздықтарына қарсы нағыз террор қолданды. 1318 жылы Михаил Ярославович Тверской, 1326 жылы - Дмитрий Михайлович Тверской және Александр Новосильский, 1327ж. - Иван Ярославович Рязанский, 1330 ж. - Федор Стародубский, 1339ж. - Александр Тверской және оның ұлы Федор өлтірілді. Енді Русь жеріне жазалаушы отрядтар көптеп барды. Қорыққан орыс княздары өздері ханға салық алып келіп отырды. Русь жеріндегі моңғолдық билік жаңа кезеңге өтті, мұнда әскери қысым экономикалық қысыммен ауыстырылды. Ақыр соңында Өзбек өз әскерін әр жаққа шашпай, ирандық бағытқа бағыттай алды.

5. Алтын Орда және мұсылман әлемі

Алтын Орданың исламдануы оның халықаралық беделін арттырды. Мемлекет Мысыр мәмлүктерімен, Орта Азия хандарымен, Осман түріктерімен діни-мәдени одақтастықта болды.
Мысырдың мамлүктерімен дипломатиялық байланыстар ислам бірлігіне сүйенді. Алтын Орда елшілері Каир мен Бағдатта қабылданды.

Алтын Орда ислам әлемінің солтүстік шекаралық қорғанына айналып, ислам өркениетінің жаңа орталығын қалыптастырды.

6. Исламның тарихи және өркениеттік рөлі

Алтын Орда кезеңінде ислам діні түркі халықтарының рухани бірігуінің өзегіне айналды.
Оның әсері кейінгі ғасырларда Қазақ хандығы, Ноғай Ордасы, Қазан, Қырым және Астрахань хандықтарында айқын көрінді.
Ислам мәдениеті арқылы жазба әдебиет, құқықтық сана, сәулет және өнер дамыды.
Осылайша ислам Алтын Орда өркениетінің басты рухани тірегіне айналды.

Шыңғыс ханның ескерткіші





Бекіту сұрақтары

Алтын Орда жеріне ислам діні қандай жолдармен енді?
Берке ханның исламды қабылдауының саяси және рухани мәні неде?
Өзбек ханның діни реформаларының тарихи маңызы қандай болды?
Ислам діні Алтын Орда мәдениеті мен қоғамына қандай өзгеріс әкелді?
Алтын Орда ислам өркениетінің дамуына қалай үлес қосты?

Пайдаланылған әдебиеттер

Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. *Золотая Орда и ее падение*. – М.–Л., 1937.
Егоров В.Л. *Историческая география Золотой Орды*. – М., 1985.
Shamiloglu Y. *Islamization of the Golden Horde*. – Kazan, 2020.
Favereau M. *The Horde: How the Mongols Changed the World*. – Harvard University Press, 2021.
Трепавлов В.В. *Степные империи Евразии*. – М., 2018.